

## «Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК



БЕКІТЕМІН

Колледж директоры

Карбозов А.К.

20 23 ж.

### "Тәжірибе. Жаңашылдық. Шығармашылық" тақырыбындағы қалалық педагогикалық оқу ЕРЕЖЕСІ

#### **Жалпы ереже**

Ереже "Тәжірибе. Жаңашылдық. Шығармашылық" тақырыбындағы қалалық педагогикалық оқулар өткізу және қатысудың тәртібі мен шарттарын реттейді.

Педагогикалық оқулар білім беру саласы қызметкерлерінің педагогикалық шеберлігін көтеру, білім алушыларды тәрбиелеу мен оқытудағы озық инновациялық педагогикалық тәжірибелерді жинақтап, тарату мақсатында ұйымдастырылады.

#### **Педагогикалық оқулардың міндеттері:**

- білім берудің барлық деңгейлерінің білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды еңгізу;
- қазіргі білім беру жағдайында педагогтарға ғылыми-теориялық, әдістемелік көмектер көрсету;
- білім беру қызметкерлерінің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында озық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау және тарату;

#### **Педагогикалық оқуларға қатысу тәртібі**

Педагогикалық оқуларға еңбек өтілі 3 жылдан кем емес қала, колледж педагогтары қатысады. Материалдар қазақ және орыс тілінде қабылданады.

#### **Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру**

Материалдарды, өтінімді қаңтар айының 05 жұлдызына дейін [Zhienbaeva-83@mail.ru](mailto:Zhienbaeva-83@mail.ru) электронды почтаға жіберулеріңіз қажет. Белгіленген уақыттан кеш түскен материалдар қарастырылмайды.

Жинақталған баяндамаларды сараптап, қорытындылау, нәтижесін шығару әдіскер Жиенбаева С.А мен ТӘК төрайымдарына жүктеледі. Педагогикалық оқуға қатысқандығын растайтын сертификаттармен, үздік баяндама ұсынғандар дипломдармен марапатталады. Үздік баяндамалар қаңтар айының 11 жұлдызында мәжіліс залында тыңдалады. Үздік баяндамашыларға 10 мин уақыт беріледі, таңдалған тақырыбын тәжірибемен ұштастырып көрсетуі қажет (фото, видео, сабақ, шебер сынып т.б). Педагогикалық оқуды ұйымдастыру әдіскер Жиенбаева С.А. тапсырылады.

**Педагогикалық оқулардың бағыттары (төмендегі бағыттарды басшылыққа алып өзі таңдаған тақырыпта мақала, баяндама әзірлеу)**

-Білім беруге заманауи әдістемелер мен тиімді педагогикалық технологиялар;

- Білім берудің жаңа парадигмасы және оқытушының рөлі;
- Үздіксіз білім беру жүйесінде білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- Білім берудегі құзырлылық;
- Білім берудің жаңа форматы;
- Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану;
- Сандық білім беру - жаңаша білімді игеруге бастар жол және үздік білім беру тәжірибесі;
- Біртұтас тәрбие бағдарламасы: Ұлттық жаңа сананы ұлттық құндылықтар арқылы қалыптастыру;
- Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу;

#### **Ұсынылған материалдардың рәсімделуіне қойылатын талаптар**

Ұсынылған материал мазмұнына сәйкес анықталады. Мақала, баяндама мынадай талаптарға сай жазылу керек:

- тақырыптың өзектілігі мен мазмұнының айқындылығы;
- жаңашылдығы мен тәжірибелік мәні;
- оқытушы шеберлігін арттырудың тиімді жолдары;
- автордың педагогикалық теорияларды білуі және оларды тәжірибеде қолдануы;

- мақаланың рәсімделуі талаптарға сай болуы.

Қатысушылар өз жұмыстарын педагогикалық оқулардың басым бағыттарына сәйкес мақала түрінде береді.

Мақала, баяндама компьютерде Microsoft Office Word (қарпі - 14 Times New Roman, аралық интервал – бірқатарлы, сол жақтан – 2 см, оң жақтан – 2 см, жоғарыдан және төменнен – 2 см)

- көлемі 4 беттен кем емес;
- мақала тақырыбы үлкен әріптермен, қою әріптермен жазылады; (*үлгі бойынша*)
- Автордың аты-жөні, ұйымның атауы, лауазымы, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы (болған жағдайда);
- Аннотация (авторлық түйіндеме) - жұмыстың қысқаша мазмұны. Аннотация арқылы оқырман мақаланың мәнін түсінуі керек. Аннотация бір абзацпен ресімделеді. Аннотация мақалаға деген қызығушылықты арттырады.

- жұмыста пайдаланылған әдебиеттерге сілтеме төртбұрышты жақша ішінде келтірілген әдебиеттердің нөмірін көрсете отырып мақала ішінде көрсетілуі тиіс;

- тізімге енген барлық жұмыстар алфавиттік тәртіппен орындалу керек. Автордың тегі, кітаптың аты, жұмыстың аты, шығу мәліметтері: шыққан жері, баспасы, жылы, бет саны көрсетілуі керек. Журнал мақалалары сипатталса, онда осы мақала жарияланған журнал атауы, шыққан жылы, нөмірі көрсетілуі



керек. Әдебиет көздерін сипаттау үлгісі: Борисова Б.М. Даралық және кәсіп.- М: Білім, 1991. 116 б.

- интернеттен алынған мақалалар, дәйексөздер әдебиеттердің жалпы тізімдерінде көрсетіледі. Авторы (егер көрсетілсе), мақала атауы, электрондық мекен- жайы, (интернеттегі сілтеме).

*Мақаланы рәсімдеудің үлгісі*

## **ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА САБАҚ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

Оспанова Айнұр Маратқызы

«Арқалық политехникалық колледжі» КМҚК

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің бірінші санатты оқытушысы

*Бұл мақалада оқытушының жан-жақты ізденісі, құзіреттілігі, мамандық кәсіби даярлауда жаңа технологияларды қолдануы – білім алушылардың мамандықтарына деген сүйіспеншілігін арттыру, теориялық және практикалық білімдері арқылы ой-өрістерін кеңейту, білім, білік дағдыларын бойларына сіңіру мақсатында еңбек ету қажеттігі қамтылады.*

Қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе әр жақты дамыған төл – мәдениетті шығармашылық, әлеуметтік білімді деген тұлға қалыптастыру. Білім алушы қабілетін жан –жақты дамытып, шығармашылығын ұштай білу үшін, ұстаз өз шығармашылық тұлға болуы тиіс.

Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді. Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. [1.13].

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Журнал «Педагогика мәселелері» №3 2014ж
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008. Поисковые слова: жаңа технологиялар түрлері
3. Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл Ғылыми- әдістемелік журнал, № 9, 2011 ж, Алматы.
4. Интернет жүйесі. [www.mail.ru](http://www.mail.ru), [www.google.ru](http://www.google.ru), [www.doklad.ru](http://www.doklad.ru) сайттары